Аудан әкімдігінде

## ШЕТ АУДАНЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Шет ауданының әкімі М.Мұхтаровтың 20 наурыздағы №27к өкімімен Төлеуқұлов Нұрман Маратұлы аудан әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалды.

1991 жылы 20 шілдеде Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін бітірген. Мамандығы көлік, көліктік техника және технологиялар өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс. Құқықтану. Мамандандыру. Экономика саласын құқықтық реттеу.

Еңбек жолын 16.07.2013-15.11.2013 жылдар аралығында Шет ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімінде жастар практикасы бойынша маман болып бастаған. 18.11.2013-20.03.2014 осы бөлім басшысының міндетін атқарушы, 20.05.2015-15.07.2016 жылдары аталмыш бөлімнің бас маманы, 02.08.2016-19.10.2017 жылдар аралығында Шет ауданы әкімінің аппараты ұйымдастыру бөлімі бас маманының міндетін атқарушы, бас маманы, 19.10.2017-25.08.2021 жылдары Шет ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді бақылау жөніндегі бас инспекторы, 2022 жылдың 5 қыркүйегінен бүгінгі күнге дейін Қарағанды облысы әкімінің аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы лауазымын атқарды.

Аудандық мәслихатта

## ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

29 наурыз 2023 жыл №1/4 29 марта 2023 г.

**Шет аудандық мәслихатының төрағасын сайлау туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 19 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Шет аудандық мәслихатының төрағасы болып депутат Социал Саят сайланды.

**Аудандық мәслихаттың төрағасы С.СОЦИАЛ.**

---

29 наурыз 2023 жыл №1/7 29 марта 2023 г.

**Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру туралы**

Аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

"Қазақстан Республикасы Конституциясының" 86 бабының 4 тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабына сәйкес аудандық мәслихаттың мынандай тұрақты комиссиялары құрылсын:

- Экономика, бюджеттік жоспарлау, қаржы, заңдылық пен құқық қорғау, әлеуметтік және мәдени салалар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия.
- Құрылыс, автокөлік, коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссия.

**Аудандық мәслихаттың төрағасы С.СОЦИАЛ.**

---

29 наурыз 2023 жыл №1/8 29 марта 2023 г.

**Аудандық мәслихаттың экономика, бюджеттік жоспарлау, қаржы, заңдылық пен құқық қорғау және әлеуметтік-мәдени салалар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамы туралы**

Аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12,13,14 баптарына сәйкес экономика, бюджеттік жоспарлау, қаржы, заңдылық пен құқық қорғау және әлеуметтік-мәдени салалар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамына мына депутаттар сайлансын:

1. Сейілбеков Олжас Қуаныштайұлы
№7 сайлау округінен депутат, комиссия төрағасы
2. Биғожин Кайрат Ерболатұлы,
№2 сайлау округінен депутат,
3. Койшыбаев Мерей Жасұланұлы,
№5 сайлау округінен депутат
4. Маясаров Сержан Сатқұлұлы,
№8 сайлау округінен депутат
5. Жақупбеков Қошқарбай Аманұлы,
№9 сайлау округінен депутат

**Аудандық мәслихаттың төрағасы С.СОЦИАЛ.**

---

29 наурыз 2023 жыл
№1/9

**Аудандық мәслихаттың құрылыс, автокөлік, коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі тұрақты комиссиясы құрамы туралы**

Аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12,13,14 баптарына сәйкес құрылыс, автокөлік, коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік, аграрлық мәселелері және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамына мына депутаттар сайлансын:

1. Оразханов Рысбек Борқыбайұлы, №10 сайлау округінен депутат, комиссия төрағасы

2. Баданов Бауыржан Амангелдыұлы, №1 сайлау округінен депутат

3. Есжанова Несіпкүл Тасханқызы, №4 сайлау округінен депутат

4. Жұмағұлов Арман Серікұлы №3 сайлау округінен депутат

5. Байленов Аманжол Нықашұлы, №6 сайлау округінен депутат

6. Нөкешов Медет Оңдасынұлы, №11 сайлау округінен депутат.

**Аудандық мәслихаттың төрағасы С.СОЦИАЛ.**

---

### ШЕТ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ АППАРАТЫНДА АЗАМАТТАРДЫ 2023 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР, МАМЫР, МАУСЫМ АЙЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Азаматтарды қабылдауды жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты | Қызметі | Қабылдау мерзімі | | | | | | Телефоны | Қабылдау орыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сәуір | | мамыр | | маусым | | | |
| | | | күні | уақыты | күні | уақыты | күні | уақыты | | |
| 1. | Социал Саят | Аудандық мәслихаттың төрағасы | сейсенбі сайын | 14.00-ден 18.00-ге дейін | сейсенбі сайын | 14.00-ден 18.00-ге дейін | сейсенбі сайын | 14.00-ден 18.00-ге дейін | 21-4-11 | Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 үй №15 бөлме |
| 2. | Ахметжанова Гүлмира Құлсарықызы | Аудандық мәслихат аппаратының басшысы | сәрсенбі сайын | 14.00-ден 18.00-ге дейін | сәрсенбі сайын | 14.00-ден 18.00-ге дейін | сәрсенбі сайын | 14.00-ден 18.00-ге дейін | 21-5-67 | Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 үй №18 бөлме |

«Шет аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінде сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін сенім телефоны жұмыс істейді. Сіздер мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарын бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты (871031) 21-5-67, 21-9-48 Сенім телефондары бойынша хабарлай аласыздар.

---

Ескертпе: Азаматтар жеке өтініштері мен ұсыныстарын аудандық мәслихат аппаратының мына жіберулеріне электрондық поштасына жіберулеріңізге болады: e-mail: maslihat-shet@mail.ru.

Хабарландыру

## ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

2023-2024 оқу жылына Шет ауданында 1 сыныпқа құжаттарды қабылдау жыл сайын 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында өтеді.

1 сыныпқа 6 жастағы балалар қабылданады. Сонымен қатар, 31 желтоқсанға дейін алты жасқа толған балалар да бірінші сыныпқа бара алады.

Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін қызмет толықтай автоматтандырылған және eGOV.kz порталы арқылы көрсетіледі.

**Қандай құжаттар қажет?**

✓ ата-аналардан немесе оларды ауыстыратын тұлғадан өтініш (электронды түрде қалыптасады)

✓ Туу туралы куәлік (электронды түрде қалыптасады)

✓ Баланың денсаулық паспорты (026/у-3 нысаны)

✓ Егу паспорты (065/у нысаны)

✓ Баланың суреті (3х4 өлшемді)

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау баланың ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің келісімімен педагогикалық-медициналық-психологиялық кеңестің (ПМПК) қорытындысын есепке алумен жүзеге асырылады

Әрбір білім беру ұйымында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейінгі жұмыс режимімен өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

Ескерту: электрондық үкімет порталы арқылы өтініш беру үшін мобильді азаматтар базасына тіркелу қажет немесе ата-анасының ЭЦП (заңды өкілінің) болуы тиіс.

**Шет ауданының білім бөлімі.**

## ДОРОГИЕ РОДИТЕЛИ!

По Шетскому району на 2023-2024 учебный год прием документов в 1 класс проводится ежегодно с 1 апреля по 1 августа.

В 1 класс принимаются дети 6 лет. Кроме того, в первый класс могут пойти дети, достигшие шестилетнего возраста до 31 декабря.

Для удобства граждан услуга полностью автоматизирована и предоставляется через портал eGOV.kz.

**Какие документы необходимы?**

✓ Заявление родителя или иных законных представителей (формируется электронно)

✓ Свидетельство о рождении (формируется электронно)

✓ Паспорт здоровья ребенка (форма 026/у-3)

✓ Прививочный паспорт (форма 065/у)

✓ Фото ребенка (размером 3х4)

Прием в образовательные учреждения детей с особыми образовательными потребностями осуществляется с согласия родителей ребенка или иных законных представителей с учетом результатов педагогико-медико-психологического совета (ПМПК).

Уголки самообслуживания работают в каждом учебном заведении с 9.00 до 18.30

Примечание: для обращения через портал электронного правительства необходимо зарегистрироваться в мобильной базе или иметь ЭЦП родителя (законного представителя).

**Отдел образования Шетского района.**